

## REZUME

Basis of preparation is in compliance with IFRS (IAS) 16 "Fundamental Measurements". Basic asset according to the current standard the material assets that are expected to be used in administrative fees in the duration of the one-to-one cycle or the period (more than 1 year) with the sale, transport or leasing contract for the entire entity.

ӘОЖ 338.4:631.1

**М.М.Малаев**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ


#### Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының экономикалық мүмкіндігіне зерттеу және статистикалық талдауы жасалынған: облыстың азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтуды жоғарлату факторлары негізделіп, аналитикалық шолу жүргізілген.

**Түйін сөздер:** Ауыл шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, мал басы.

Қазақстан – ауыл шаруашылығы тұрғындарының басым бөлігінің өмір сүру сферасы болып табылатын аграрлық-индустриалдық ел. Бүгінде ауылдық жерлерде тұрғындардың елу пайызға жуығы тұрып жатыр және ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейіне көбінесе мұнда жұмыс жасайтындардың ғана емес, сонымен бірге қандай бір себептермен осы сферамен байланыстылардың өмір сүру деңгейі тәуелді. Ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейіне қазақстандықтардың көпшілігінің тұрмыстық әл-ауқаты тығыз байланысты [1].

Ауыл шаруашылығында елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 5%-ы жасалады. 2015 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3,3 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 4,1%-ға төмен.



Сурет 1 - Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің серпіні,  
млрд теңге

Саланың жалпы өнімі құрылымында жеке қосалқы шаруашылықтар өнімінің жоғары үлесі байқалады. Қазақстанда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің 80%-ға жуығы қайта өңделместен шикізат түрінде өткізіледі, ал дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі төмен.

Кесте 1 - АӨК саласын SWOT талдау

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<p>Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды иеленеді;</p> <p>Қазақстан жан басына шаққандағы жыртылған жерлердің алаңы бойынша әлемде екінші орынды иеленеді;</p> <p>Қазақстан астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді;</p> <p>ауыл халқының көптігі (барлық халықтың 43%-ы), жұмыспен қамтылғандардың жоғары үлесі (жұмыспен қамтылған халықтың 18%-ы);</p> <p>ТМД және Орталық Азия елдерінің өткізу нарықтарының азық-түлік өнімдеріне деген жоғары әлеуетті сұранысы;</p> <p>АӨК жалпы өнімінің тұрақты өсімі;</p> <p>органикалық өнім өндірісі мен экспортының жоғары әлеуеті</p>	<p>елдің ЖІӨ-сінің төмен үлесі (4,8%);</p> <p>сауданың, оның ішінде экспорттық сауданың дамымағандығы;</p> <p>ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды енгізудің төмен деңгейі;</p> <p>ветеринария және тамақ қауіпсіздігі деңгейінің төмендігі;</p> <p>жоғары капитал сыйымдылығы;</p> <p>өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзақтығы;</p> <p>табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік;</p> <p>төмен еңбек өнімділігі;</p> <p>АШТӨ табысының төмен деңгейі</p>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіп-қатерлер</b>
<p>халық санының өсуіне және тамақтану құрылымының өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерінің көлемін ұлғайту мүмкіндігі;</p> <p>АШТӨ-ні және ауыл шаруашылығы кооперативтерін тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;</p> <p>перспективалы салалар бойынша жеткізілімдер географиясын және экспорт көлемін кеңейту</p>	<p>табиғи-климаттық жағдайлардың қолайсыз өзгерістері, ауа-райы жағдайларының тұрақсыздығы;</p> <p>жануарлар мен өсімдіктер ауруларының таралуы және табиғи ортаның ластануы;</p> <p>ДСҰ-ға кіруге байланысты жекелеген өнім түрлері бойынша халықаралық нарықтардағы бәсекелестіктің өсуі;</p> <p>саланы тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі</p>

2015 жылы жалпы өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 1,8 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 10,5%-ға төмен. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 55,2%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы соңғы 5 жылда 21 млн гектарды құрады және болмашы ғана өзгерді, негізі өзгерістер оның құрылымында байқалды. Егістіктердің айтарлықтай үлесі бидайға берілген, бірақ монодақылдылықтан бас тартуға және басқа дақылдардың алаңын кеңейтуге бағытталған өсімдік шаруашылығын әртараптандыру саясатының арқасында 2011 жылдан бастап бидай егістіктері 2015 жылы 13,8 млн гектардан 11,8 млн гектарға дейін қысқарды.

Жалпы мал шаруашылығы өнімінің көлемі 2015 жылы 1,5 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 5,1%-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 44,4%-ды құрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара мал басының саны 2011 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға, жылқы – 28,7%-ға, қой – 1,5%-ға, құс – 8,3%-ға ұлғайған.

2015 жылы мал шаруашылығы өнімдері өндірісінде жеке қосалқы шаруашылықтардың (бұдан әрі – ЖКШ) үлесіне жалпы өндіріс көлемінің ет бойынша 62%-ы, сүт бойынша 80%-ы, жұмыртқа бойынша 26%-ы тиесілі болды.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еттің барлық түрінің өндірісі 931,0 мың тоннаны құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеген.

Соңғы бес жыл ішінде отандық АШТӨ-дегі ауыл шаруашылығы жануарларының орташа өнімділігі артты, бірақ дамыған елдер деңгейінен төмен күйінде қалып отыр. Мысалы, елдегі орташа сүт сауылымы бір сауын сиырға 2200 кг құрайды, ал Канадада бұл көрсеткіш 4 есеге жоғары.

Қазіргі уақытта бір шартты басқа 14 центнер азықтық бірлік өндіріледі, бұл зоотехникалық нормалардан 2 есеге төмен. 2015 жылғы құрама жем өндірісі кәсіпорындардың жиынтық қуаттылығы 2,5 млн тонна болғанда 1,2 млн тоннаны құрады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен құстың асыл тұқымды басының үлесі айтарлықтай ұлғайды және 2015 жылдың қорытындылары бойынша: ірі қара мал (бұдан әрі – ІҚМ) –10,6%-ға, қой – 15,1%-ға, шошқа – 19,9%-ға, жылқы – 7,9%-ға, түйе – 13,1%-ға және құс – 17,1%-ға ұлғайған.

Мал шаруашылығындағы субсидиялау құралдары сатып алынған асыл тұқымды жануарлардың құнын, селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруға арналған шығындарды арзандатуға, мал шаруашылығы өнімін өндіру құнын арзандатуға бағытталған.

Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 3 есеге ұлғайды. Мемлекеттік қолдау шараларымен мал шаруашылығының барлық бағыттары қамтылды.

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының бүгінгі жай-күйіне тоқтала кетсек. 2017 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы – 490,3 мың га құрап отыр, бұл жоспардан 8,2 мың га көп немесе 102 %-ке артық орындалғанын көрсетеді. Күздік дақылдарды қоса алғанда дәнді дақылдар егісінің жалпы көлемі 246,0 мың га құрады. Майлы дақылдар - 64,2 мың га егілді, жоспардың орындалуы 123,5 %немесе 12,2 мың га артық. Картоп және көкөніс-бақша дақылдары жалпы 9,0 мың га алқапқа отырғызылды. Мал азықтық дақылдардың жоспары 168,1 мың га болса, нақты егілгені 171,0 мың га немесе жоспар 102 %-ке орындалған.

2017 жылдың 1 маусымына мүйізді ірі қара 617,7 мың басты (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 107,7 %), қой – 1363,2 мың басты (өсім 102,7 %), ешкі – 276,4 мың басты (өсім 101,1 %), жылқы – 168,3 мың басты (өсім 111,5 %), құс – 922,6 мың басты (өсім 102,4 %) құрап өссе, шошқа – 28,6 мың басты (98,8 %) және түйе малы 3,0 мың (97,4 %) құрап кеміп отыр.

Облыста 163 асыл тұқымды мал өсіруші шаруашылықтар тіркелген. Соның ішінде асыл тұқымды ірі қара шаруашылығымен 136 шаруашылық айналысып, оларда 34157 бас мал тіркелген. Олардың 105-і қазақтың ақбас тұқымын өсірсе, 17-і герефорд тұқымын, 5-уі абердин-ангус тұқымын, 5-уі голштин тұқымын, 3-і симменталь тұқымын, біреуі қырдың қызыл сиырын өсіруде.

9 шаруашылық асыл тұқымды қой өсірумен шұғылдана, 17 шаруашылық асыл тұқымды жылқы өсірумен, бір шаруашылық қазақтың бактриан тұқымды түйесін өсірумен шұғылданады.

Облыс аудандарында 13440 басқа арналған мал бордақылау кешендері бар.

Жалпы алғанда еліміз бойынша және жекелей Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының жағдайы тұрақты, жыл санап алға ілгерілеушілік байқалады. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын одан әрі дамытуға көңіл бөлініп отырған ескерсек, бұл саланың одан әрі қарыштап дамуына мүмкіндік мол [2,3].

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Адиетова Э. Республиканың аграрлық секторында бәсекелік ортаның қалыптасуы және бәсекелестік артықшылықтарды дамыту // Қазақстан жоғары мектебі №3, 2009 ж. 290-293 бет
2. <http://bko.gov.kz/leumit-fat/tourism/the-development-of-tourism-in-the-area.html> - БҚО әкімдігі ресми интернет-ресурсы.
3. Батыс Қазақстан облысының ауылшаруашылығы көрсеткіштері бойынша ауылшаруашылығының статистикалық жинақтары \\ Батыс Қазақстан облысының статистикалық басқармасы, Орал қаласы 2017 жыл

### РЕЗЮМЕ

В статье проведены исследования и статистический анализ экономического потенциала сельского хозяйства Республики Казахстан: объем производства сельскохозяйственной продукции; проведены аналитический обзор и обоснование факторов повышения продовольственного самообеспечения в области.

### RESUME

The article studies and analyzes the economic potential of agriculture of the Republic of Kazakhstan: the volume of agricultural production; Analytical review and substantiation of the factors of increasing food self-sufficiency in the region were conducted.

ӘОЖ: 330(075.8)

**А.Отарбаева**, студент

**А. Сәбитқызы**, экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Қазақстан Инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің, Орал қаласы

### БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ – АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

#### Аннотация

Мақалада бизнестің әлеуметтік жауапкершілік ұғымына тоқтала отырып, оның қоғам мен бизнестегі рөліне айрықша мән берілді.

**Түйін сөздер:** Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, аймақтық экономика

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қоғам мен бизнестің және мемлекет пен кәсіпкерлік арасындағы тығыз байланысты орнатудың бірден бір жолы болып отыр. Өткен жылы халыққа кең тарап, өз орынан тауып, талай шаралардың орындалуына мұрындық болған «Рухани жаңғыру» мақаласында да әрбір адамның туған жері алдындағы борышы, жауапкершілігі сөз болған еді. «Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырына еңбектеп қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен